

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№1 (122) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргүл	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген І.Р. Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 40 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Эзербайжан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргуль	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка И.Р. Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 40 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisenbayeva Zhanargul	Can. of philology, assos. Prof (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantaj	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: I.R. Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 40 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Мазмұны

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Интертекстуалдылық теориясы мен прецедентті құбылыс арасындағы байланыс	8
<i>Аймолдина Ә.А.</i> Искерлік дискурс зерттеудің әлеуметтік және когнитивтік аспектіліктерінің қатынастары	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нұртазина М.Б.</i> Тіл ғылымындағы қазіргі заманғы үрдістер: ғылыми зерттеулердің векторлары	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Лексикалық құзыреттілікті қалыптастыруда ағылшын тілі сабағында ой-талқыларды қолдану	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы иіс-жады ұстанымдарының көркемдік ерекшелігі	37
<i>Жұмсақбаев А.Т.</i> Джон Толкиеннің «Сақиналардың патшасы» трилогиясының жанрлық құбылысы	46
<i>Жұматаев Е.</i> Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы фразеологизмдерді аударудың ерекшеліктері	58
<i>Қадысқызы А., Хасенова Р.Т., Құлахметова Ж.Т.</i> Қазақстандағы оралмандар және олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі	64
<i>Қасымова Ә.Ә.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі қоштасу этикетіне қатысты қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты	71
<i>Латанова Р.У., Заркешеева А.Е., Хамитова А.Ф.</i> Қазақстандық жоғары оқу орындары студенттеріне ағылшын тілін үйретуде Action Research әдісін енгізу жолы	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенғалиева А.М.</i> Бір буынды түбір етістіктің «қыпшақтық» корпусындағы вокализм жүйесінде салыстырмалы сипаттамасы ..	81
<i>Матбек Н.Қ., Садықова Р.К.</i> Ноғай әдеби тілінің қалыптасуы	88
<i>Мырзағалиева Т.Е., Шәріпова Г.А.</i> Құран поэтологиясындағы орыс универсумы ..	95
<i>Нұртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Білім берудегі «Polycultural World» жүйесін қамтамасыз етуге арналған кәсіби лингвистика	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Онкологиялық терминдерді талдау және аудару	112
<i>Өтелбай Г. Т.</i> «Кемпіркосақ» баламасының туыс және шет тілдердегі ұқсастығы мен ерекшелігі	119
<i>Садықова А. Т., Қабдырашева Б. Н.</i> І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Кейбір этноатаулардың ақпараттық уәжі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде)	132
<i>Сәдуақасұлы Ж., Махамбетова А.</i> Қазақ тіл білімінде лепті сөйлемдердің зерттелу жайы	138
<i>Симбаева С.О., Қайыпбаева М. М.</i> Тілді аудармасыз оқыту және тілдің фонетикалық интерпритациясы	143
<i>Шәріпова Г.А.</i> Исламдық мәдени универсиумы	147
<i>Шәріп А.Ж.</i> Хүсейін Жавид және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы: рухани ізденістер мен көркемдік ерекшеліктер	151
<i>Шоқабаетова С.С.</i> Сөзжасамның фонетикамен байланысы туралы	162

Содержание

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Взаимосвязь прецедентных текстов и интертекстуальности	8
<i>Аймолдина А.А.</i> Взаимосвязь социальных и когнитивных аспектов изучения делового дискурса	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нуртазина М.Б.</i> Современные тенденции в науке о языке: векторы научного поиска	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Использование мозгового штурма для формирования лексической компетентности на уроках английского языка	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Художественные особенности памяти запаха в романе Абдижамиля Нурпеисова «Кровь и пот»	37
<i>Жумсакбаев А.Т.</i> Жанровая феноменальность трилогии Джона Толкиена «Властелин колец»	46
<i>Жуматаев Е.</i> Литературный язык и социальные сети: конкурентоспособность и современность казахского языка	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Особенности перевода фразеологизмов в произведениях Чингиза Айтматова	58
<i>Кадыскызы А., Хасенова Р.Т., Кулахметова Ж.Т.</i> Оралманы в Казахстане и их социально-культурная адаптация	64
<i>Касымова А.А.</i> Лингво-культурологический анализ лингвистических единиц, связанных с этикой прощения казахского и турецкого языков	71
<i>Латанова Р.У., Заркешева А., Хамитова А.Г.</i> Пути внедрения Action Research в обучении английскому языку студентов высших учебных заведений в Казахстане.....	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенгалиева А.М.</i> Сравнительно-сопоставительная характеристика односложных глаголов в системе вокализма языков кипчакской группы	81
<i>Матбек Н.К., Садыкова Р.К.</i> Формирование ногайского литературного языка.....	88
<i>Мурзагалиева Т.Е., Шарипова Г.А.</i> Русский универсум коранической поэтологии.....	95
<i>Нуртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Polycultural World: Компетентный подход в профессиональной лингвистике для образования	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Анализ и перевод онкологических терминов	112
<i>Отелбай Г. Т.</i> Аналогия и особенность эквивалента «Кемпірқосак» у родственных и иностранных языков	119
<i>Садыкова А.Т., Кабдырашева Б.Н.</i> Образ исторических личностей в творчестве И.Есенберлина	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Информационное содержание некоторых этнонаименований	132
<i>Садуакасулы Ж., Махамбетова А.</i> Обстоятельства исследования восклицательных предложений казахского языка	138
<i>Симбаева С., Кайытбаева М.М.</i> Обучение языка без перевода и фонетическая интерпретация языка	143
<i>Шарипова Г.А.</i> Исламский универсум культуры	147
<i>Шарип А.Ж.</i> Гусейн Джавид и казахская поэзия начала XX века: духовные искания и художественные особенности	151
<i>Шокабаева С.С.</i> О связи словообразования с фонетикой	162

Contents

<i>Abdyhanova B.A., Nergiz Biraj</i> Interrelation of precedent texts and intertextuality	8
<i>Aimoldina A.A.</i> Interconnection of Social and Cognitive Aspects in Business Discourse Studying	14
<i>Alefrenko N.F., Nurtazina M.B.</i> Modern trends in the science of language: vectors of scientific research	20
<i>Gauriyeva G.M., Kadyrova Ye.B.</i> Use of brainstorming for the formation of lexical competence in English class	32
<i>Japanova M.E.</i> Artistic features of the memory of the smell in the novel «Blood and Sweat» by Abdizhamil Nurpeisov	37
<i>Zhumsakbayev A.T.</i> Genre's phenomenon of John Tolkien's trilogy «The Lord of the Rings»	46
<i>Zhumataev E.</i> Analysis of the translation into the Kazakh language interjections in the piece	50
<i>Zilinka M.N.</i> The peculiarities of phraseological units translation in book's of Chingiz Aitmatov	58
<i>Kadyskyzy A., Khassenova R. T., Kulakhmetova Zh.T.</i> Oralman in Kazakhstan and their Socio-Cultural Adaptation	64
<i>Kasymova A.A.</i> Linguistic and Cultural Analysis of Linguistic Units Associated with Ethics of Farewell to Kazakh and Turkish Languages	71
<i>Latanova R.U., Zarkesheva A.E., Khamitova A.G.</i> The ways of planning action research in teaching english for students in higher schools of Kazakhstan	76
<i>Meirambekova L.K., Seiitova Sh. B., Esengaliyeva A.M.</i> Comparative characteristic of monosyllabic verbs in the vocalism system of the languages of the Kipchak group	81
<i>Matbek N.K., Sadykova R.K.</i> Formation of Nogai literary language	88
<i>Murzagaliyeva T.E. , Sharipova G.A.</i> Russian Universum of Quranic Poetology.....	95
<i>Nurtazina M.B., Amrina Z.Zh.</i> Polycultural World: a competent approach in professional Linguistic for education	105
<i>Orazbayeva E.S.</i> Analysis and translation of cancer terms	112
<i>Otelbay G. T.</i> The analogy and peculiarity of the «Кемпірқосақ» alternative in relatives and foreign languages	119
<i>Sadykova A.T., Kabdyrasheva B.N.</i> The image of historical personalities in the creative work of I.Esenberlin	125
<i>Seiitova Sh. B.</i> Informational motives of some ethnonyms	132
<i>Saduakasuly Zh., Makhambetova A.</i> The study of exclamatory sentences of the kazakh language	138
<i>Simbaeva S.O. Kaiypbayeva M. M.</i> Phonetic interpretation of the language without translation	143
<i>Sharipova G.A.</i> Islamic Universum of Culture	147
<i>Sharip A.Zh.</i> Hussain Jawid and Kazakh poetry of early 20th century: spiritual quest and artistic features	151
<i>Shokabayeva S.</i> Connection of word-formation with phones	162

- 6 Mardanova S. Khusejn Dzhavidyn «Azer» poehmasynda lirik ridzhatlar [Lyric motives in the poem «Azer» Hussain Jawid], Baky universitesinin khabarlary. Khumanitar ehmlar seriyasy [Bulletin of Baku University. Series of Humanities], 3, - p. 43-49 (2010). [in Azerbaijan]
- 7 Mukanov S. XX gasyrdagy kazakh adebieti.1-bolim (Ultshyldyk, bajshyldyk dauiri) [Kazakh literature in the beginning of the 20th century. Part 1 (Nationalism, Bourgeoisie)], Klassikalyk zertteuler: Kop tomdyk. - T.7 [Classic research: multi-volume] (Adabiet alemi, Almaty, 2002).
- 8 Akimova E. Khusejn Dzhavid lirikasynda dekadans [Decadence in the lyrics of Hussain Jawid]. 525-dzhi gazet. - 2013. - 13 aprel. №64. S.24.
- 9 Dulatuly M. Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. - T.1. [The collection of works in five volumes. Volume 1]. (Mektep, Almaty, 2002). [in Kazakh]
- 10 Pashazade I. Poeticheskie osobennosti russkikh perevodov proizvedenij Gusejn Dzhavida [Poetic features of Russian translations of Hussain Jawid's works] (Oguz Eli, Baku, 2011) [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Амантай Шәріп - филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің профессоры. Астана, Қазақстан
Amantai Sharip - Doctor of Philology, professor L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

FTAMP 16.01.011

С.С. Шоқабәева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: shokabaeva@yandex.kz)

Сөзжасамның фонетикамен байланысы туралы

Андапта. Жұрнақтардың түбірге жалғануы морфонология құбылысы жағынан сөзжасам фонетикаға, оның заңдылықтарына сүйенеді, туынды сөздерді оның құрамындағы қосымшалардың мағыналық өзгерісі, дамуы тұрғысынан сөз еткенде, тарихи грамматикамен ұштасып жатады. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың сәйкесуі негізінде жаңа атау пайда болып, дыбыс өзгерістері арқылы да туынды мағына жасалады. Дыбыстық өзгерулер сөз мағынасының өзгеруіне жағдай жасайды, олардың мағынасының өзгеріп, бұрынғы мағынасының өзегін сақтай отырып, жаңа атаудың туындауына себепші болады. Мұндай дыбыстық өзгерулер арқылы туындаған сөздер тіл білімінде фонетикалық тәсіл арқылы сөз туындату деп аталып жүр.

Мақалада қазіргі қазақ тілі сөзжасам саласының фонетикамен байланысы қарастырылады. Атап айтқанда, әртүрлі фонетикалық, фонологиялық құбылыстардың сөз жасауға қатысына, оның ғылыми-теориялық негізіне назар аударылады.

Түйін сөздер: сөзжасам мен фонетиканың байланысы, жаңа туынды сөздер, фонетикалық, фонологиялық, морфонологиялық құбылыстар, дыбыстардың сәйкесуі.

Кіріспе. Кез келген ғылым жеке-дара өмір сүрмейді, ол даму барысында басқа салалармен байланыста болады. Бұны ғылым тілінде **интеграция** дейміз. Латынша «*integratio*» сөзінің қазақша мағынасы қайта құру, толықтыру дегенді, ал «*integret*» сөзі «бүтін» деген мағынаны білдіреді. Соңғысы екі мағынада қолданылады:

- бөліктерді бүтінге біріктіруі;
- бір типтес қоғамдық мемлекеттердің ұлттық шаруашылықтарын біріктіру, бір-біріне ыңғайластыру үдерісі. Бұдан интеграция ұғымы барлық салаға қатысты екендігін білеміз. Интеграция ең алғашқыда пәнаралық байланыс деп қарастырылған. Интеграция тарихы ХХ ғасырда 3 кезең болып қалыптасқан:

1920 жылдар – пәнаралық байланыс негізінде мәселелік-кешенді оқыту;
 1950-70 жылдар – пәнаралық байланыс;
 1980-90 жылдар – интеграция үдерісі.

Интеграция – біртұтас, бүтін, бір-бірімен тығыз байланысқан үрдістің жемісі. Ол тіл білімі аясындағы әртүрлі салалармен тығыз байланыса отырып, бір салаға бірігеді. Тіл білімі саласындағы жақын пәндердің өзара бірігуі, яғни бір-бірімен тығыз байланысы. Тіл білімінде де пәнаралық байланыстың маңызы өте зор. Лингвистика салаларының өзара тығыз байланыста болуы оны одан әрі дамытып, қалыптасуына маңызды әсер етеді. Интегративті бағыт функционалды теорияның бір бөлігі ретінде қызмет етеді. Фонетика, лексика, морфология, синтаксистің сөзжасаммен интегративтілік негізінде коммуникативті, когнитивті-коммуникативтілік қатынас орнатуға ықпалы бар деп есептейміз. Бұл ретте интеграцияға бет бұруға үлкен бір себеп тіл білімінің жұмсалымдығында, яғни функциялық бағытқа бет бұруымен де тығыз қарым-қатынаста екендігін байқауға болады.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі тіл білімінің барлық салаларымен де тығыз байланысты екені белгілі. Өйткені бұл сөзжасамның негізгі зерттеу нысанының сөз, лексикалық бірлік туғызу үрдісі болуымен түсіндіріледі.

Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен, деңгейлерімен (лексикамен, грамматикамен) байланысы және өзіндік ерекшелігі бар. Қазақ тіл білімінде сөзжасам 80-жылдарға дейін дербес сала болып танылмағандықтан, теориялық негіздемелердің араласып жүруі: сөзжасамға қатысты сұрақтар лексикология, морфология шеңберінде қарастырылғаны белгілі, тіпті сөзжасам сипаты, оның жүйесі белгілі бір сөз табы ыңғайында баяндалды. Яғни, С. Исаев терминімен айтсақ, сөз бойындағы семантикалық сипатта, грамматикалық сипатта бір-бірімен араласып, арадағы тілдік қабат шекарасы, олардың мәні бұзылып, ерекшеліктері сараланбай, айқындалмай келді [1, 236 б.].

Қосымшалардың түбірге жалғануы морфонология құбылысы жағынан сөзжасам фонетикаға, оның заңдылықтарына сүйенеді, туынды сөздерді оның құрамындағы қосымшалардың мағыналық өзгерісі, дамуы тұрғысынан сөз еткенде, тарихи грамматикамен ұштасып жатады.

Зерттеудің міндеті. Мақалада мынадай міндеттер алға қойылды:

- тіл біліміндегі интеграция ұғымына шолу жасау;
- қазақ тілі сөзжасам саласының фонетикамен байланысын, ерекшелігін айқындау;
- түрлі фонетикалық құбылыстардың сөзжасамдық мағынаға әсерін қарастыру.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Қазақ тіл білімінде, оның ішінде сөзжасамда ерекше көңіл бөлініп, тыңғылықты зерттеулерді қажет етіп жүрген мәселелердің бірі – оның теориясының өзге ғылым салаларымен байланысын зерттей отырып, даму ерекшелігін, тілдік деңгейде алар орны мен қосар үлесін талдап, сараптау болып отыр.

Дыбыс сәйкестіктерінің морфонология саласына тән үлес салмағы мен сөзжасамдық мағынаға тән қызметіне, фонетика-семантикалық тәсілдің сөзжасамдық мағына туғытудағы маңызына назар аудару.

Ғылыми тұжырымның талдануы. Жалпы сөзжасамның тіл білімінің салаларымен байланысы, ерекшелігі мәселесі ХХ ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап қана ғалымдардың еңбектерінде қарастырыла бастады. Оның себебі сөзжасамның аталмыш кезеңде жеке сала ретінде танылуымен байланысты болды. Академик Ә.Қайдаровтың «Структура односложных корней и основ в казахском языке», Е.З. Қажыбековтың «Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках (явление синкретизма)», М. Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», Ж.А. Манкеева мен Н.И. Букетованың «Реликтовая корневая морфема как языковая универсалия» еңбектерінде фонетикалық құбылыстардың сөз мағынасына әсері қарастырылған.

Ғалым К.Ш. Құсайыновтың «Звукоизобразительность в казахском языке» атты еңбегінде дыбыс бейнелеуіш негіздердің фонетикалық құрылысы, морфологиялық құрамы, түбір элементтердің дыбыс бейнелеуіш қызметі, ондағы метатеза, варианттылық құбылыстары жан-жақты қарастырылған [23].

Қазақ тілінің фономорфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау мәселесін қарастырған ғалым А. Ысқақов **-қан (қал-қан)** аффиксінің шығу тегіне қатысты былай деп жазады: «...**-қан (қал-қан)** аффиксінің **-қа** бөлшегі бірінші кезекте туған да, кейін оған екінші кезекте шыққан **-н** аффиксі қосылу нәтижесінде пайда болған...» [2, 117 б.].

Жұрнақтардың дыбыстық варианттары бар екені белгілі, варианты жоқ, вариантсыз аз ғана, біздер оларды буын үндестігіне бағынбайтын жұрнақтар деп танымыз. Ал алломорфтар (альтернаттар), морфонология заңдылығына бағынады, ол түркі тілдерінде түрлі-түрлі болып кездеседі, мысалы кейбір тілдерде қосымша варианттары аз, бірде көп. Сөзжасам жұрнақтарының варианттылығы, сөз жоқ, фонетикалық заңдылықтарды басшылыққа алады. Оларда алломорфтардың болуы сөзжасамды фонетика, морфологиямен байланыстырады.

Соның негізінде фонетикамен байланысы, дыбыстардың сәйкестігі тіл дамуы барысында жаңа сөз жасауға алып келеді. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың сәйкесуі туралы айтылған ғылыми пікірлер жеткілікті. Олардың сәйкесуі негізінде жаңа атау пайда болып, туынды сөз жасалады. Сондықтан сөзжасам мен фонетика тығыз байланыста қарастырылады. Тек олардың қай аспектіде, қай қырынан қарастырылуына аса мән беріледі. Дәстүрлі, құрылымдық грамматика негізінде бөлінген тіл білімінің салалары бір-бірінен мүлде ерекше болып, алшақтап кете алмайды. Өйткені, негізгі зерттеу нысаны сөз болғандықтан, оның дыбыстық жағы, құрамы, жасалуы, тіркесуі, ойды білдіруі бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста ғана анықталады. Тіл білімі салаларының бір-бірімен тығыз байланыстылығы тілдің кешенді жүйелілігінің тағы бір айғағы.

А.Салқынбай пікірінше, сөзжасам мен фонетиканың байланысы сөз мағыналарын айқындаудағы дыбыс өзгерістерінің болуы арқылы көрінеді. Дыбыстардың сәйкесуі арқылы да сөз мәні мен мағынасының өзгеретіні, әсіресе, тілдің тарихи дамуын зерделегенде жақсы аңғарылады. Зат немесе құбылыс туралы ұғымның дамуы сөз мағыналарының жіктелуіне әкелетіні анық. Бір ұғымның әртүрлі сипатта өзгере дамуын белгілеп, жаңа мағына туғызуда аллофондық дыбыстар келе-келе жеке фонемалық деңгейге көтерілген немесе сәйкес дыбыстарға жіктеле дамыған. Осыған байланысты тілде дыбыстар сәйкестігі нәтижесінде жаңа атаулар пайда болған. Бұл – сөзжасамның зерттеу нысанына айналатын күрделі теориялық мәселелерінің бірі [3, 29 б.].

Жалпы фонетиканың зерттеу нысаны дыбыстар, олардың жүйелілігі мен қолданылу ерекшеліктері, заңдылықтары болса, дыбыстардың қыр-сыры, жасалуы, артикуляциялық ерекшеліктері мен қолданылу заңдылықтары сөзге тікелей байланысты, сөз арқылы, сөздер құрамында ғана олар толық көрінетіндігін білеміз. Жеке дыбысты айтқаннан, оның барлық сипаты толық айқындала бермейтіндіктен, сөздің бар сипаты оның қолданысында, сөйлем ішінде айқындалатыны сияқты дыбыстардың да бар қасиеті сөз құрамында қолданылу арқылы айқындалады. Осы ретте жаңа сөздің жасалуы сөзжасамның белгілі бір амал-тәсілдері арқылы жүзеге асатындығын ескере отырып, фонетика мен сөзжасамның байланысын толығырақ қарастырсақ.

Сөзжасам деңгейіне қатысты кейбір еңбектерде фонетика-семантикалық тәсіл де қарастырылып жүр. Бұған қатысты ғалым А.Салқынбай тілдің дамуында этимон түбірлердің өзгеруі, мағынаның жіктелуі, дыбыстардың тектес және әртектес сәйкестіктерінің даралануымен байланысты болған сөз мағынасының семантикалық дамуы, синонимдік, антонимдік мәндердің пайда болуы, дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіктелуімен

сәйкес жүргендігін, жаңа ұғымды атау үшін тілдегі бар тұлғаларды тиімді пайдаланып, оның мағыналық және тұлғалық сипатын өзгерте қолдануды тілдегі номинация заңдылығы арқылы түсіндіруге болатындығын және дыбыстардың жіктелуі мен сәйкестенуі арқылы жасалған сөзжасамның бұл түрі сөзжасамдық мағына туғызудың негізі болғандығын айта келе, сөзжасамның көне тәсілі бірі – фонетика-семантикалық тәсіл деп таниды [4, 19 б.].

Сөз құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістер екі түрлі жағдайда өмір сүреді. Бірінші жағдайда сөздер түрліше дыбысталып, қолданыста олардың ішкі семантикасына, мағыналық дамуына өзгеріс енбей, бастапқы мағынасынан ажырамайды. Екінші жағдайда дыбыстық өзгерулер сөз мағынасының өзгеруіне жағдай жасайды, олардың мағынасының өзгеріп, бұрынғы мағынасының өзегін сақтай отырып, жаңа атаудың туындауына себепші болады. Мұндай дыбыстық өзгерулер арқылы туындаған сөздер тіл білімінде фонетикалық тәсіл арқылы сөз туындату деп аталып жүр.

Татар тілін зерттеуші ғалым Ф.А. Ганиев сөзжасамға қатысты еңбегінде фонетика заңдылықтары арқылы сөздің жасалуын «фонетическое словообразование» деп атайды. Жаңа сөз жасаудың бір жолы фонетикалық тәсіл деп көрсетеді [5, 41 б.]. Ғалымдар арасында дыбыс өзгерістері арқылы туындаған жаңа сөздерді сөзжасам саласына тән заңдылықпен түсіндіріп, фонетика-семантикалық тәсіл деп атап жүргендері де (А. Салқынбай) бар. Яғни, сөзжасам саласына қатысты ғалымдар пікірін саралай келсек, дыбыс өзгерістері арқылы да туынды мағына жасалады.

Ғалым А.Салқынбай дыбыс сәйкестіктері арқылы туынды мағына жасалатындығын фонетика-семантикалық тәсілдің басты нысаны деп есептейді. Жалпы адамзат тіліндегі сөзжасам үрдісін бір не екі-үш түбір сөз арқылы анықтау мүмкін емес екендігіне де назар аудартады. Ғалымның тұжырымдауы бойынша, себепші негіз жаңадан пайда болатын туынды сөз мағынасын негіздейді. Аналогиялық, абстракциялық, ассоциативтік, мотивациялық заңдылықтар негізінде сөз мағынасы өзгеріске түседі, осыған сәйкес фонетика-семантикалық сөзжасамда көпмағыналы, синоним, антоним сөздердің мағыналары қалыптасады. Сонымен қатар дыбыс сәйкестіктері «сөзжасамдық қалыптар» деген атаумен аталып, олардың сөзжасамдық мағынаға қатыстылығы тұрғысынан тұжырымдалады. Мәселен, **р-з** сөзжасамдық қалыбында мынадай мысалдар кездеседі: көз-көр, аз-арық, боз-бор, тіз-тер, таза-тара, өгіз-өкір, езу-еру, семіз-семір т.б. **б-м** - береке-мереке, бол-мол, бат-мат; **қ-й**-жоқ-жой, тоқ-той, соқ-сой, бақ-бай, жақ-жай т.б.

Дыбыс сәйкестіктерінің мынадай қызметтеріне ерекше тоқталады:

- 1) Түркі тілдерінің ерекше халықтық тіл ретінде жіктелуіне әсер етті.
- 2) Қазақ тіліндегі сөздер тұлғалық жағынан өзгеріске түсіп дамыды.
- 3) Қазақ тілінің сөздік құрамы жаңа мағыналы туынды сөздермен байыды.
- 4) Сөз таптарының жіктелуіне себеп болды.

Сонымен қатар ғалым «тарихи тіл дамуы барысында дыбыстар өз кезегінде тек аллофон ретінде жұмсала келе, бірте-бірте мағынасын өзгертушілік қабілетіне ие болып, фонема сипатында қалыптасқан. Дыбыстардың сандық және сапалық жағынан өсуінің басты себебі – жаңа мағыналы туынды сөз жасау қабілеті. Дыбыстардың өзгеруі тек сөзжасамдық мағына жасау қажеттілігіне негізделеді», – деп тұжырымдайды [4, 173 б.].

Диахрондық аспектіде көпмағыналы сөздердің екіншілік мағынасын туғызатын кей фонетика-семантикалық сыңарлардың көрінісін былайша көрсетеді:

- қ-й;** жоқ-жой, тоқ-той, соқ-сой;
- р-з;** көр-көз, ар-аз, бор-боз;
- н-й;** күн-күй, қан (дай)-қай (да)
- қ-с;** құла-сұла, қырыл-сырыл, қылт-сылт
- р-и;** тіре-тая, қыр-қый, жар-жай;
- н-ң;** тон-тоң, қон-қоң;
- т-й;** жат-жай, қатты-қайсар, құты-күй, жұт-жой.

Ғалым мұндай тұлғалардың ішкі семантикалық құрылымы бір-біріне жақын, бір денотаттың әртүрлі қасиеті мен сипатын айқындайтындығын былайша көрсетеді. Мысалы, **көз** – бір денотаттың атауы, **көр** - сол денотаттың қасиеті, қимылы. Демек, сөздердің мағыналық тектестігі анық. Бұл тектестік, бірлік туынды сөздерді жасап тұрған себепші негіздің мағынасы арқылы, яғни этимон түбірдің өзек семасы арқылы берілетіндігін дәлелдейді. «Көрсетілген сөздердегі генетика-семантикалық мағына мен тұлға ортақ. Ал зат есім, етістік деп топқа бөлініп, әртүрлі грамматикалық категориялармен түрленуі – жаңа сөз туындағанының айғағы, көрінісі» деген тұжырым жасайды [4, 78-80 б.].

Л.Бегалиеваның «Синонимдік қатарлардың жасалуы және когнитивтік мәні» атты докторлық диссертациясында зат есімді синонимдік қатарлардың фонетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалуын, фонетика-семантикалық тәсілдің сөзжасамға қатыстылығын дәйектейді. Фонетикалық өзгеріске түскен кейбір сөздер өз кезеңінде бір ұғымның екі түрлі қырын атағанымен, қазіргі тілімізде олардың арасында стильдік айырмашылықтың бар екендігін айтады. Мысалы, **нысан**, **нышан** сөздеріне қатысты тұжырымын ғалым былайша дәйектейді: «нышан, нысан. Заттың белгісі. Белгілі бір заттың, құбылыстың негізгі нүктесін айқындауда, сонымен бірге басты белгі мағынасында да жұмсалады. Мысалы, ағаштың алғашқы берген жемісін нышан деп атайды. Сонымен бірге ұлтымызда Нышанбай, Нышанкүл, Нышаналы, Нысаналы деген есімдер де ол баланың белгісі бар боп туылғандығынан хабар береді. Бұл жағдайда қазақтар нысаналы болып туылыпты немесе нышаналы болып туылыпты деп айтып жатады. Міне, осының өзінен-ақ нысан мен нышан сөздерінің мағыналас екендігін айқындауға болады», – дейді ғалым [6, 24 б.]. Осындай мысалдарды келтіре отырып, фонетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің уәждеделуінде олардың ұғымдық ұқсастықтарының болуы әсер етеді деп дәлелдейді. Демек, уәждеме теориясы фонетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерді зерделеуде көп мүмкіндіктерді ашуға ықпал етеді.

Ғалым К.Аханов мұндай өлі түбірлер құрамындағы өлі жұрнақтардың пайда болуы сіңісу құбылысының нәтижесі деп түсіндіреді. Қырғыз тіл білімінің маманы Б.М.Юнусалиевтің (**жан**, **жақ** етістіктерінің түбірі – **жа**, ал **жақ** етістігінің құрамындағы **-қ** – сабақты етістік тудыратын жұрнақ, **жан** – етістігінің құрамындағы **-н** салт етістік тудыратын жұрнақ) пікірін басшылыққа ала отырып, жан мен жақтың құрамындағы **жа**-ны көне түбір ретінде таниды. Ал бұлардың құрамындағы **-қ** және **-н** аффикстерін алғашқы түбірге әбден сіңісіп кеткен, бұл қосымшалар бүгінде аффикстер ретінде қаралмайтындығын ескере отырып, түбір мен жұрнақтың бір-біріне кірігуін сіңісу құбылысының нәтижесі деп таныған. Сонымен қатар ғалым К.Аханов мүшеленуге келмейтін, әрқайсысы бөлініп-жарылмайтын өлі түбірлерді (бүлін, бүлік, бүлдір, бүліншілік, сүмек, сүмірейген, сүмелек, жалаң, жалғыз, түтін, түтік, ояу, оят, оян т.б.) «сіңіскен түбірлер», – деп таниды [7, 27 б.].

Ж.Тектіғұл «Қазақ тіліндегі түркі негізді есім қосымшалардың тарихи дамуы» атты докторлық диссертациясында дыбыстық алмасулар мен метатезалық құбылыстардың қосымшаларды тарихи жағынан қалыптастырудағы рөлін қарастыра келе, мынадай тұжырым жасайды: «Қорыта айтқанда, түркі тілдерінің тарихындағы дыбыстық өзгерістердің бағыты, әрі дыбыстық сәйкесімдер тізбегі көптеген сөз тудырушы, сөз түрлендіруші қосымшалардың дені өте ежелгі тұлғалардың түрлі дыбыстық алмасулары нәтижесінде қалыптасқан деген пікір түйеміз» [8, 19 б.].

Қосымша морфемалардың, сөзжасамдық жұрнақтардың құрамын тануға, морфология құбылысына қатысты қазіргі қазақ тіл білімінде даулы, толық зерттеуді керек ететін мәселелер де бар. Мысалы, **-ымпаз**, **-імпаз**, **-мпаз**, **-паз** жұрнақтарының құрамын анықтау- да, оны тілдік терминмен атауда ғалымдар арасында кереғар пікірлер орын алған. Ғалым А. Ысқақов **-ымпаз**, **-імпаз**, **-мпаз** жұрнақтарын әр түрлі (зат есім, етістік) сөз тап-

тарынан сын есім жасайтын екі жеке жұрнақ ретінде қарастырса [9, 176 б.], А. Айғабылұлы **-ымпаз, -імпаз, -мпаз** жұрнағының құрамындағы **-м, -ым, -ім** дыбыстарын сөз ішіндегі қыстырма дыбыстарға (әлде субморфқа) жатқызылуға тиісті деп санайды [10, 36 б.].

Қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздерін зерттеген ғалым Л. Рүстемов **-ымпаз, -імпаз, -мпаз, -паз** жұрнақтары жайында былай деп жазады: «Мұның негізі парсы тіліндегі **бахтән** («ойнау, ұтылу, сурет салу») болып табылады. **«баз»** парсы тілінде жұрнақ рөлін атқармайды, ал қазақ тілінде ол өте өнімді аффикстік морфема ретінде әрекет етеді» [11, 130-131 б.].

-ымпаз, -імпаз, -мпаз, -паз жұрнақтарына қатысты жоғарыда айтылған пікірлерді саралап, мынадай тұжырым жасалды: біріншіден, бұл жұрнақтар **білімпаз, келісімпаз** сияқты туынды сөздердің құрамында келгенде, **-ым+паз, -ім+паз** деп бөлшектеуге көнгенімен, **қыдырымпаз, жасампаз, көнімпаз, жеңімпаз, сұрампаз** т.б. сөздердің құрамында келгенде, **-ым+паз, -м+паз** түрінде бөлшектенбейді. Демек, мұндағы **-ым, -ім, -м** – қыстырма дыбыстар емес, екі жеке компоненттерге ажыратылмайтын біртұтас жұрнақ. Екіншіден, аталмыш жұрнақтар екі түрлі (мысалы, өнерпаз, әнпаз, күйпаз дегенде зат есімдерге жалғанса, көнімпаз, жеңімпаз т.с.с. сөздердің құрамында етістіктерге жалғанып тұр) сөз табына жалғанғанымен, олардың қатысуымен жасалған туынды сөздер бір лексика-семантикалық топ құрайды, яғни екеуі де туынды зат есім мен сын есім жасайды. Осы айтылған тұжырымдарға сүйене отыра, **-ымпаз, -імпаз, -мпаз, -паз** жұрнақтары екі түрлі жұрнақ емес, тілімізде атқаратын қызметі бір жұрнақ деп танылды. **-паз** жұрнағының есім сөз таптарынан болған сөздерге ешбір дәнекерсіз жалғанып, ал етістік түбірлерге тікелей жалғанбай, дәнекер арқылы жалғануын жұрнақтың тек есім сөз таптарына ғана жалғанатын ерекшелігімен түсіндіруге болатын сияқты.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында сипаттау, жүйелеу, талдау, салыстыру, жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижесі, талқылануы. Мақала 2017 жылдың 29 желтоқсанында өткен қазақ тіл білімі кафедрасының мәжілісінде талқыланып, баспаға ұсынылды.

